

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназия КММ

**2021-2022 оқу жылында психологиялық қызмет
бойынша жүргізілген жұмыстардың жылдық есебі.**

Педагог-психологтар: И.Кошкарлова,

А.Жумалиева,

Қ.Мырзахметова

2021-2022 оқу жылы

**№ 2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп –гимназия коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог – психологтарының 2021 – 2022 оқу жылында атқарған
жұмыстарының жылдық есебі**

Мақсаты: Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін, тұлғааралығын өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

Психологиялық қызметтің міндеті:

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірге көзқарасы қажетті дәреже таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Әрбір оқушыға мақсатты айқын мәдени - өнімдік тұлға болуға әсер ету;
- Әрбір оқушының өз мінез- құлқының мүмкіндіктерін ашуға көмектесу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал- ахуалдың болуына әсер ету;
- Жекелеген ауытқушылықтардың алдын –алу;
- Бәсекеге қабілетті маман даярлауға психологиялық әсер ету.

Мектеп-гимназиядағы психологиялық қызметтің негізгі бағыттары

Психологиялық зерттеу

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу, жан-жақты толық мүмкіндіктерін ашу.

Психологиялық алдын-алу

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Психологиялық түзету, дамыту

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуындағы кездескен келеңсіздіктерді теңестіру, түзету жұмыстары, жалпы оқу дағдысы мен біліктілік деңгейін арттыру.

Психологиялық кеңес беру

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың барлығына дамыту, оқыту, тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестер беру.



Психологиялық ағарту

Мақсаты: Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шаралар ұйымдастыру.

Қыркүйек айында бірінші кезекте мектеп оқушылары туралы мәлімет жинау мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша сынып жетекшілерден сыныбындағы оқушылар туралы мәлімет және әлеуметтік педагогтан мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы, тұрмысы төмен, үйде оқыту, тұл жетім оқушылардың тізімін, мектеп медбикелерінен Д – тізімде тұратын және мектеп инспекторынан тіркеудегі оқушылар мен отбасылар тізімі анықталып, «ReFrame» тұлғалық дамыту базасына мәліметтер ендірілді.

0-11 сынып оқушылардың анықталған тізімінен мектепшілік тәрбиесі қиын «ерекше тізім», «дарынды», «жанадан келген» оқушылар анықталып, жоспар бекітілді.


Жанадан келген, дарынды және оқу мотивациясы төмен оқушыларға жоспар жасалынып бекітілді.



8-9-10-11 сынып ербалдарына «Ұлдар кеңесі» өткізіліп, жоспар түзіліп ұлдар ұйымының жетекшісі, сынып топбасшылары сайланды.

8-9-10-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізіліп қыздар ұйымының жетекшісі сайланып, жоспар құрылды.





8-9-10-11 сынып ербалдарына « Ұлдар кеңесі» өткізіліп, жоспар түзіліп ұлдар ұйымының жетекшісі,сынып топбасшылары сайланды.

8-9-10-11 сынып қыздарымен жиналыс өткізіліп қыздар ұйымының жетекшісі сайланып, жоспар құрылды.



Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында 5 - 11 сынып аралығында «Егер мен сиқыршы болсам » тақырыбында эссе жұмысы алынды. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушыларды өмірге, өмір сүруге деген көз – қарастарын позитивті екендігін нақтылап көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімдерімен сұхбат жүргізілді. Бастауыш сыныптарында жайсыз отбасыдан шыққан, әлеуметтік аз қамтылған мектеп оқушылары туралы мәлімет жинақталды.

Сабақтан көп қалатын оқушылардың үйіне барып, сабаққа келмеу себептері анықталып, АКТ түзіліп, ата –анасымен сұхбат жүргізілді.



Тәжірибе алмасу үшін аудандық семинарларға қатыстық.(№1 О.Есимов, №5 ж.о.м)
Педагогика психологияға бағытталған психологиялық – диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылар және ата –аналарымен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке, топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізілді.

Ата – аналар жиналысына қатысып, білім беру мекемелерінде оқушыларға психологиялық көмек көрсетуге байланысты ата –ана (қамқоршы) 82\30сынып келісімі алынды.

№ 2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының 2022 жылдың қыркүйек айында 1 А,Ә,Б,В,Г,Д,Ж,З,Е,И сынып оқушыларының мектептегі оқуға дайындығының деңгейін анықтау мақсатында Керн-Перасек тестісі алынды. Берілген графикалық тест 3 тапсырмадан тұрады.

Берілген графикалық тесттің 3 тапсырмасы қол қимысының және көрінуінің дамуын анықтауға бағытталған. Бұл іскерліктер мектепке жазуға қажет. Сонымен қоса, тест балалардың ақыл-ой дамуын көрсетеді. (ер адам бейнесі бойынша). Өрістер мен нүктелер салу үлгіні қайта жаңғыртуын, сондай-ақ балалардың өзіне қызықсыз бір іспен шұғылдана алуын көрсетеді.

К.Йерасек тестін жетістікпен орындау және әрі қарай оқудағы жетістіктердің арасындағы байланысты көрсететін зерттеу жүргізіледі. Тесті жақсы орындағандар мектепте де жақсы оқиды, бірақ тестті еншіар жауап бергендер де мектепте жақсы оқинады. Сондықтан К.Йерасек тестін зерттеудің нәтижесін балалардың жетілу бекітпесінің негізіндеуге болады. Бұл топты жеке түрде немесе топтық етіп өткізуге болады.

Әр тапсырмалардың нәтижесі 5 ұпайлық жүйемен бағаланады (1-жоғары ұпай, 5-төмен ұпай). Содан кейін 3 тапсырма бойынша ұпайлар қосындысы есептелініп, жалпы саны шығады. 3 тапсырма бойынша 3-6 ұпай аралығында ұпай алса – ортадан жоғары, 7-11 орташа, 12-15 нормадан төмендеген қорытынды шығады. 12-15 ұпай алған балаларға зерттеу қайта жүргізілуі тиіс. Себебі олардың арасында ақылы кем балалар кездесуі мүмкін.

1 А сыныбында 28 оқушы, зерттеуге 24 оқушы қатысты. Жоғары деңгей – 19 оқушы көрсетсе, орта деңгей – 4 көрсетті. Төменгі деңгей көрсеткен оқушылар жоқ.

1 Ә сыныбында 20 оқушы, зерттеуге 18 оқушы қатысты. Жоғары деңгей – 14 оқушы көрсетсе, орта деңгей – 4 көрсетті. Төменгі деңгей көрсеткен оқушылар жоқ.

1 Б сыныбында 19 оқушы, зерттеуге 19 оқушы қатысты. Жоғары деңгей – 14 оқушы көрсетсе, орта деңгей – 5 көрсетті. Төменгі деңгей көрсеткен оқушылар жоқ.

1 В сыныбында 22 оқушы зерттеуге 19 оқушы қатысты. Жоғары деңгей – 14 оқушы көрсетсе, орта деңгей – 5 көрсетті. Төменгі деңгей көрсеткен оқушылар жоқ.

1 Д сыныбында 32 оқушы, зерттеуге 28 оқушы қатысты. Жоғары деңгейде – 20 оқушы көрсетсе, орта деңгейде – 8 көрсетті. Төменгі деңгей көрсеткен оқушылар жоқ.

1 Е сыныбында 27 оқушы, зерттеуге 23 қатысты. Жоғары деңгей – 18 оқушы көрсетсе, орта деңгейде – 5 көрсетті. Төменгі деңгейде көрсеткен оқушылар жоқ.

1 И сыныбында 23 оқушы, зерттеуге 20 оқушы қатысты. Жоғары деңгей – 15 оқушы көрсетсе, орта деңгей – 5 көрсетті. Төменгі деңгей жоқ.

Жалпы сыныптардың мектепке дайындығының деңгейі жақсы деп бағалауға болады. Бала бойындағы орын алған кемшіліктер түзету-дамытушылық бағытта жұмыс жоспарлануда. Ата-ананың сұранысы бойынша, жекелеген оқушылармен түзету-дамыту бағытында жұмыстар жүргізіледі. Орта деңгейдегі оқушылармен мұғалім ыждағатты түрде жұмыс жасаумен қатар, ата-ананың үнемі көңіл бөлуі де ерекше орын алады. Сынып жетекшісі үнемі ата-аналармен байланыс орната отырып, бала бойындағы қалыптасып кележатқан қасиеттермен бөлісіп отырған жағдайда ғана оң нәтижеге қолжеткізетіндігіміз сөзсіз.

Мектеп балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы десек те артық етпейді. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақпарат бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мына біз мұғалімдердің еншісінде.

Сынып жетекшілерге ұсыныс:

Оқушыларға жылы лебізбен, ықыласпен көмек көрсету;

Оқушыларға сенім артып, оқуға деген қызығушылықтарын арттыру;

Анықталған орта деңгейдегі оқушыларды жеке қолдау мақсатында сыныпжетекшісі арнайы жұмыс жоспары жасалынса.

Қазан айында : Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында 2 – 5 – 6 сынып аралығында «Менің отбасым !», 7 – 8 – 9 сынып арасында «Менің ең жақын досым!», 10 – 11 сыныптардан «Менің арманым ! » тақырыбында эссе жұмысы алынды. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушыларды өмірге, өмір сүруге деген көз – қарастарын позитивті екендігін нақтылап көрсетті.

2 – 9 сыныптар аралығында « Үй, Адам, Ағаш », «Менің отбасым !», « Менің отбасым гүл бейнесінде » проективті әдісі алынып, суреттерге интерпретация жасалынды. Бастауыш сынып мұғалімдерімен сұхбат жүргізілді.

8 – сынып оқушылар арасында зорлық – зомбылықтың кері әсерлерін түсіндіру мақсатында «Қылмыссыз жарқын болашақ » тақырыбында тренинг (кеңес беру) өткізілді. «Жаңылтпаш» жаттығуы, «Сен агрессияны қалай жеңесің?» бейнеролигі

көрсетіліп, оқушыларға сұрақтар қойылды. Оқушылар арасында агрессияны дұрыс жеңіп, басқара білетін оқушылар болса, «Газет» жаттығуында оқушылар газетті бір қолмен сілкіп жарту арқылы ішкі қысымынан арылып, босаңсуды сезіне алды, «Өз мәтініңді құра» жаттығуында оқушылар өз эмоциясын шығарумен қатар бақылап, басқаруға үйренді. Тренинг қойылған мақсатына қол жеткізді.

Психологиялық сүйемелдеу қызметі бойынша 8 – 10 сыныптар арасында «Өмір мені сүй, менде сені сүйем!», «Өміріңе немқұрайлы қарама!», «Жизненный путь или дорога жизни!» тақырыптарында тренинг ұйымдастырылып, оқушылар агрессивті мінезге бой алдырмай, кез – келген проблеманың дұрыс шешімі барлығын, өмірдің маңыздылығымен мәнін түсінді.

Бастауыш сыныптарында жайсыз отбасыдан шыққан, әлеуметтік аз қамтылған мектеп оқушыларының өмірге құштарлығын арттыру мақсатында «Қуаныш сыйлайық!» тақырыптарында тренингтер ұйымдастырылып, оқушылардың көңіл – күйлері көтеріліп, сергіп қалды.



Педагогика – психологияға бағытталған психологиялық – диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылар және ата – аналарымен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке, топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізілді.

7 – 9 сынып қыздарымен «Этика және эстетика» тақырыбында тәрбие орынбасарлары, мектеп медбикесі, ұйымдастырушы педагогтардың қатысуымен жиналыс өткізілді.

9 сынып жетекшілерінің сұранысы бойынша, оқушыларының ата – аналарымен «Ата – аналардың міндеті балаға мамандық таңдау емес, дұрыс кәсіптік бағдар беру» тақырыбында (жаднамалар, жаттығулар) кеңестер берілді.



Білім алушыларға зорлық-зомбылық туралы ақпарат беру мақсатында, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту, адамның құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы мағлұмат беру, пікір алмасу. Бір-біріне деген қарым-қатынасты жақсартуға бейімдеу және қазіргі кезде депрессиялық жағдайлардың алдын алу. Әр қатысушының ішкі құндылығын тұлғалық қасиетін ашып, бағалауға үйрету. Махаббат, адамгершілік, мейірімділік, жауапкершілік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, рухани адамгершілік нәрімен сусындату.

Адамгершілікті терең сезінуге, адамдарға қуаныш сыйлай білуге баулып ықпал ету. Жанында жүрген аяулы адамдардың бар екенін ұғынуға көмектесу. Өмірге келеген соң борыш пен парызға адал болуға тәрбиелеу.

Желтоқсан айында: «Зорлық – зомбылыққа қарсы 16 күн» іс – шараның ашылуына мектебіміздің өзін – өзі басқару «Патриот» ұйымы мүшелерінің қатысуымен бейне үндеу жасалынып сыныптар чатына жіберілді.

7-11 сыныптар арасында «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында тренинг сабақтар жүргізілді. 9 – сынып оқушыларымен «Менің қолымнан барлығы келеді» тақырыбында тренинг ойын жүргізілді. Мақсаты: Өмірге деген бейімділік, табандылық қарым – қатынас орнатуды қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру. Түрлі мәселелер туралы психологиялық білім беру, олардың алдын алу. Бір – бірімен қарым – қатынас машығын қалыптастыру. Өзіндік бағаны жоғарылату.

Сабақта барысында оқушылармен пікірталас сұрақтары жүргізілді. «Өмір адамға несімен қымбат?» сұрағына оқушылар белсене жауап берді. Өмірде ең қажетті он құндылықты атап, оның ішінде ең құнды жетеуін және тағыда аса құнды деген үшеуін тандап талқылау жүргізілді.

Психологтар тарапынан «Қызықты өмір сүру үшін», «Өзіндік бағалау дәрежесін көтеруге арналған кеңес» берілді. «Ойлануға арналған балықтар» жаттығуы жүргізілді. Ситуациялық сұрақтар берілді. Релаксациялық жаттығу «Менің қолымнан барлығы келеді» жүргізілді. Мақсаты: ғажайып баққа саяхат жасау арқылы дүниенің бірлігін, біртұтастығын, әр адамның қайталанбас тұлға екенін сезінуін қамтамасыз ету, өзін бағалай білуге жетелеу. «Қасиеттер жиыны» ойыны жүргізілді. «Күн сәулесіндегі менің бейнем» арт терапиясы жүргізілді.

«Ата – аналар мен сынып жетекшілеріне арналған отбасындағы және мектептегі зорлық – зомбылықтың алдын алу» бойынша семинар өткізіліп, психологтар «Жасөспірімдер

Қаңтар айында : «Бес Терек » жобасы бойынша екінші кезендік аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын – алу жұмыстары жүргізіліп 5-11 сынып оқушылар арасынан сауалнама, «Отбасылық қобалжу» тесті алынды. Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты білім беру мекемелерінде анықталған «Тәуекел тобындағы» балаларға әлеуметтік-психологиялық талдау жұмыстарының сандық мәліметі тапсырылды.

р/н	Мектеп атауы	Педагог-психологтың атауы	Жалпы оқушылар саны (5-11 сыныптар)	Тәуекел тобындағы балалар саны	Оның ішінде:									
					Сұраққа байл.	Бірінші топтың ішкі топтар			Агрессивті балалар	Тұрмыс балалар	Отбасы балалары тоны	Отбасы балалары тоны	Қоршаған балалар	Жалпы балалар саны (барлығы тоны)
						Формальді	Психологиялық	Психологиялық						
1	№2 Ө.Жанібеков мек-темі	Жұмалыева Айгерім Бекзатқызы	1011	68	1	-	-	-	15	-	22	34	34	-

Жас мамандармен ДТЖО және ұйымдастырушы педагог, «Педагогикалық әдеп мұғалімінің этикасы және мәдениеті», « Жаксы көңіл – күй жап азығы » тақырыбында жиналыс, тренинг өткізілді.

Мақсаты: Жас мамандарға педагогикалық шеберлікті арттыру, психикалық көңіл – күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, ұжымда сыйластық қарым – қатынас орнату.



8-9-10 сыныптар арасында «Оқушы мен ұстаз мәдениеті » тақырыбында дөңгелек үстел жүргізілді.

Мақсаты: Өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту.

Қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын –алу », «Қызды 40 үйден тыю » тақырыптарында мини лекциялар оқылып, ойын жаттығулар жүргізілді.



Ақпан-наурыз айларында 9-сынып оқушылары арасында «Мамандық таңдау» бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді. «Мамандықтың бәрі жақсы», «Баспалдақ» жаттығулары өтіліп, мамандық бойынша топтық кенестер берілді.



Бастауыш сынып оқушыларымен «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» тақырыбында сәхбаттар жүргізіліп, кездесулер болды.
 5-7 сынып оқушылары арасында шыдамдылықты анықтау мақсатында «Зейін, ойлау» әдістемесі алынды. Мұғалімдерге «Мұғалім этикасы» атты баяндама оқылды.
 Оқушыларға аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Ник Вуйчег», «Өмір белестері» бейнероликтер көрсетілді.



Үйде оқыту бойынша мектеп әкімшілігімен үйлеріне барып түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, кездесулер ұйымдастырылды.



Түрлі аудандық іс-шараларға қатысып, әдістемелік семинарларға қатыстық.



Зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында ата-аналар мен сынып жетекшілерге топтық кенестер берілді.



Мамыр айында 9-11 сынып оқушыларына психологиялық кенестер жүргізіліп, ҰБТ-ға баратын оқушыларға сүйемелдеу жаттығулары өтілді. «Емтиханға қалай дайындалу керек?» атты сұхбаттасу үстелдері ұйымдастырылды.



5-8 сынып оқушыларымен 4 субтесттен тұратын ШТУР тесті алынды. Мектеп алды даярлық тобымен диагностикалау жұмыстары жүргізіліп, мектепке даярлығын анықтадық. Инклюзивті сыныптарда түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, динамикалары шығарылды. Динамика нәтижесі бойынша кездесулер жүргізіліп, үлгерімі жақсарған оқушыларды жәй сыныптарға ауыстыру жөнінде ұсыныстар берілді.





ҮБТ бойынша түлектер мен ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп, кездесулер өтілді. Ата-аналардан «Балама хат» әдісі алынды.



Оқу жылы барысында мектеп-гимназиямызда өтілген әрбір семинар жиындарда өз тарапымыздан психологиялық түрлі әдіс-тәсілдермен құнды тренинг жаттығулар жүргізіп отырдық. Сұраһас бойынша 13 оқушымен, 5 сыныппен (7 е.5а,6а,4б,7а) түзету жұмыстары атқарылды.

Дайындаған педагог – психологтар:

 А. Жумалиева
 И. Кошкарова
 К. Мырзахметова